




«Сиқырлы пішіндер»



Тәрбиеші: Ж.С.Төлегенова

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы : «Ақбота»

Білім саласы: Таным ,Шығармашылық,Коммуникация,

Білім бөлімі:Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру,Құрастыру,Мүсіндеу,Сурет салу,Сөйлеуді дамыту.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Сиқырлы пішіндер»

Мақсаты:

- Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып ,пішіндерді ажырата білуге ,оларға ұқсас заттарды табуға ,пішіндерден бейне құрастыруға, түстерін айта білуге үйрету.
- Геометриялық пішіндерді негізге ала отырып, пәндердің байланысын тіл дамыту, дидактикалық ойындар көмегімен ойлау қабілеттерін, зейінділіктерін арттыру.
- Логикалық ойлауларын ,есте сақтау қабілеттерін дамыту,арқылы балаларды ізеттілікке ұжымдыққа ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Үлгі суреттер,тәрелке,Сиқырлы қалам,таратпа құралдар,бояу,кылқалам,сүркіш,ыдыстағы су,сіріңке қорабы,ермексаз,таяқша.

Алдын-ала жұмыстар: «Шаршыны құрастыр»Дидактикалық ойыны

Блингвалдық компоненттері: Дөңгелек-круг,үшбұрыш-треугольник, сопақша-овал,шаршы квадрат.

Инклюзивтік әлеумет:Балаларды ҰОҚ-не қызықтыру

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
	Шаттық шеңбері Сәлем деймін достарға Сәлем деймін құстарға Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстаздарға Өте жақсы балалар .Көңіл күйімізді көтеру үшін «Тамаша» ойынын ойнайық. -Біздің балабақша қандай? -Біздің топ қандай? -Біздің апайлар қандай? -Бүгінгі күн қандай? -Біздің көңіл –күйіміз қандай? -Бәрекелді балалар .	Шаттық шеңберінде балалар шеңбер болып бірлесе айтады. -Сәлеметсіздерме ,здр -Тамаша. -Тамаша. -Тамаша. -Тамаша. -Тамаша.
	-Ал балалар қазір жылдың қай мезгілі ? -Күз мезгілі неше айдан тұрады? -Қане күз мезгілінің ай аттары қалай аталады ? -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Өте жақсы. -Біз бүгін сиқырлы пішіндер әлеміне саяхатқа шығамыз.Бұл саяхатымыз ерекше болайын деп тұр.Міне қарандаршы алдарында қолдың бейнесі тұр.Бұл бейне жай бейне емес,арман тілекті орындайтын сиқырлы алақан екен.Бұл алақанға қолымызды қойып ,көзімізді жұмып іштей сиқырлы пішіндер әлеміне апаршы деп армандасақ,біздің арманымызды орындайды екен. Олай болса барлығымыз орнымыздан тұрайық ,алақанға қолымызды қояйық.	-Күз -Үш ай -Қыркүйек ,казан,қараша. -Ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі,күн бұлтты болады,жаңбыр жауады,құстар жылы жаққа ұшып кетеді,жемістер мен көкөністер піседі. -Балалар сиқырлы алақанға қолдарын қойып,көздерін жұмып арман тілектерін айтты.

Көне балалар біз сиқырлы пішіндер әлеміне келдік.
 Экранда: -Сәлеметсіңдер ме балалар!Сиқырлы
 пішіндер әлеміне қош келдіңдер. Мен арқылы сіздер
 пішіндер түрімен танысасыздар.
 -Мынау дөңгелек,неліктен дөңгелек деп аталады?

Тәрбиеші:-Балалар дөңгелектің бұрышы барма?

Экранда :Үшбұрыштың неше бұрышы бар?

-Жарайсың,рахмет.

Экранда :Мынау шаршы,шаршының қабырғалары
 қандай?

Экранда -Мынау сопақша,сопақшада бұрыш барма?

Экранда-Мынау тік төртбұрыш,тік төртбұрыштың
 неше қабырғасы ,неше бұрышы болады?

Тәрбиеші:-Жарайсындар балалар,ендеше осы
 пішіндерді толық меңгергенімізді пысықтау үшін
 сендермен ойын ойнайық.Ойынымыздың аты
 «Заттарды сәйкестендір» деп аталады.
 Ойын шарты:Заттарды пішіндерге сәйкестендіріп
 сызып шығайық.Таратпа құралдармен жұмыс

Ойын: «Шаршыны құрастыр» (тақтамен жұмыс)


Экранда-Балалар пішіндер туралы көп біледі




-Дөңгелектің бұрыштары
 болмайды.




-Үшбұрыштың үш
 бұрышы бар.



-Шаршының төрт
 қабырғасы,төрт бұрышы
 болады.



-Сопақшада бұрыш
 болмайды,ол дөңгелекке
 ұқсайды.



-Тіктөртбұрыштың төрт
 қабырғасы ,төрт бұрышы
 болады.

★ Matching Shapes



guruparents.com ★

екенсіңдер. Мен сендерге риза болдым. Міне менің сендерге арналған сыйлықтарымды қабыл алыңдар. Енді мен сендердің белсенділік орталығындағы жұмыстарыңды тамашалаймын.

-Балалар белсенділік орталығына поездбен барсақ қалай қарайсыңдар?

Олай болса жол қысқарту үшін тіл ұстарту жаттығу айтайық

Пыш -пыш-пыш біз кеттік

Жүрісті үдеттік


гу-гу-гу гуілде

калып қойма біріңде

кәне балалар тоқтайық пыыыыыш.

1.Өнер орталығы:

Қолымызды сүрткішпен сүртеміз.



-Қылқаламмен таудың бейнесін бояйды

2.Су орталығы:

Сіріңке қорапшасына ақ түсті ермексазы домалақтап ішіне жапсырып, таяқшасын бекітіп ,қағаздан үшбұрыш жасап қайықтың желкенін таяқшаға бекіту. Қайықты суға тастау. Судағы қайықты бақылау.




-шаршыдан үшбұрыш құрастырып, таяқшаға бекітіп, сіріңке қорапшасына ,ермексазбен бекітеміз.

3.Шеберлер орталығы

Қағаз тәрелкедегі бейнеленген пішіндердің ішін ермексаздан толтырамыз.

Қауіпсіздік ережесін мұқият сақтаймыз.

-Тәрелке ішіндегі пішіндерге ермексаздарды толтырып шығады.



Балалар кәне жұмысымызды аяқтап сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық.
Қолдан шеңбер құрайық.
Дөңгелектей дөңгелеп,
Шыр айналып тұрайық.
Қолды аспанға созайық.
Тіреу болып тұрайық.
Бір-біріне қосқанда
Үшбұрышты құрайық.

-Жарайсындар балалар!

-Дұрыс ,ал енді осы пішіндердің біз орыс тілінде қалай айтылатынын сиқырлы қаламның көмегіне жүгінейікші.

-Дөңгелек-круг,үшбұрыш-треугольник,сопақша-овал,шаршы квадрат.

Орындарына келіп іс-қимылмен сергіту сәтін жасайды.

. Дөңгелек-круг,үшбұрыш-треугольник,сопақша-овал,шаршы квадрат.

Қорытынды:

- Балалар біз қайда бардық?
- Қандай пішіндер туралы айттық?
- Сендерге белсенділік орталығында не жасаған ұнады?

-Сиқырлы пішіндер әлеміне
-үшбұрыш,төртбұрыш, тіктөртбұрыш,дөңгелек, сопақша.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалар геометриялық пішіндерді ажыратып ,айыра білді

Меңгеруі: Заттардың қандай пішіндерден құралатынын меңгерді

Жасай алуы: Үлестірмелі материалдардан берілген тапсырманы өз бетінше орындай алады.

